

Жария оферта шарты

Осы шарт жеке тұлғаларға (бұдан әрі – «Клиент») арналған. Онлайн-сервисті «А-Омега» коллекторлық агенттігі» ЖШС (бұдан әрі – «КА») ұсынады. Клиент пен КА осы шартты (бұдан әрі – Шарт) төмендегілер туралы жасасты:

Терминдер мен анықтамалар

«А-Омега» коллекторлық агенттігі» ЖШС – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға (Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің коллекторлық агенттіктер тізіліміне 30.03.2023 ж. №08.К.23.001 нөмірімен енгізілген).

Жария оферта – КА-ның Сайтта жарияланатын және Клиенттерге арналған онлайн-сервисті пайдалану туралы осы ұсынысы. Сайт – <https://a-omega.kz/>

Клиент – талап ету құқықтары КА-ға тиесілі берешекті төлеуге ниетті кез келген жеке тұлға.

Онлайн төлем – интернет-эквайринг жүйесі арқылы Интернет желісінде банк картасын пайдалана отырып, берешекті төлеу жөніндегі ақшалай міндеттемені орындау.

Шарттың мәні (Негізгі ережелер)

1. Шарт мәтіні жария оферта болып табылады (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабының 5-тармағына сәйкес жария оферта – шарттың барлық елеулі талаптарын қамтитын және ұсыныс жасаушы тұлғаның ұсыныста көрсетілген талаптармен оған үн қататын кез келген тұлғамен шарт жасасуға еркін білдіретін ұсыныс). Офертаны акцептеу – онлайн-сервисті пайдалану (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 396-бабына сәйкес). Акцепт – оферта жолданған тұлғаның оны қабылдағаны туралы жауабы. Акцепт толық және сөзсіз болуы тиіс. Осы жария шарт-офертаны акцептеу әрекеттерін жасай отырып, Клиент өзінің құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін, сондай-ақ КА-мен шарттық қатынастарға заңды түрде түсу құқығын растайды. Шартты жасасуға толық және сөзсіз келісім (бұдан әрі – Акцепт) КА онлайн-сервисін пайдалану арқылы оның талаптарымен келісуді білдіру болып табылады.
2. Шартты акцептеу Клиенттің осы ұсыныстың барлық ережелерімен келісетінін білдіреді және Шарт пен оған барлық қосымшаларды жасасуға теңестіріледі. Осыған байланысты Жария офертаның мәтінін мұқият оқып шығыңыз. Егер Сіз қандай да бір тармақпен келіспесеңіз, КА Сізге офертаны акцептеуден бас тартуды ұсынады.

Онлайн-сервисті пайдалану

3. Сайтта орналастырылған талаптармен, сондай-ақ Жария офертамен танысқаннан кейін Клиент аты-жөнін, Email мекенжайын, байланыс телефон нөмірін, шарт нөмірін, борышкердің ЖСН-ын көрсетеді және Онлайн төлем жасайды.
- 3.1. Банк картасының деректерін енгізу бетінде банк картасының деректерін: карта нөмірін, карта иесінің атын, картаның қолданылу мерзімін, үш таңбалы қауіпсіздік кодын (VISA үшін CVV2 немесе MasterCard үшін CVC2) енгізу қажет болады. Барлық қажетті деректер картаның өзінде көрсетілген. Үш таңбалы қауіпсіздік коды – картаның артқы жағында орналасқан үш цифр. Одан кейін Клиент SMS арқылы келетін 3DSecure кодын енгізу үшін банктің бетіне қайта бағытталады. Егер 3DSecure коды Клиентке келмесе, картаны шығарған банкке жүгіну қажет.
- Жоғарыда көрсетілген әрекеттерден кейін процессинг орталығы Клиенттен сұрау алып, Клиенттің төлемін КА-ның есеп айырысу шотына аударады.
- 3.2. Интернет арқылы төлем қызметі Visa, MasterCard халықаралық төлем жүйелерінің және басқа да төлем жүйелерінің қағидаларына сәйкес, төлемнің құпиялылығы мен қауіпсіздігін сақтау қағидаттарымен жүзеге асырылады. Бұл үшін тексерудің, шифрлаудың және жабық байланыс арналары арқылы деректерді берудің заманауи әдістері пайдаланылады.
4. Онлайн-сервисті пайдалану кезінде Банк пен КА барлық қажетті ақпаратты жинап, өңдей алады.
5. Қаражатты қайтару үшін Клиент деректемелерде көрсетілген КА электрондық поштасына ресми өтініш жіберуі тиіс. Қаражат КА-ның ресми жауабы берілген сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде қайтарылады. Клиенттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Клиенттің өтініші бойынша ақшалай қаражат тек осы ақша түскен сыртқы шоттарға қайтарылады.
6. Банк төлем деректерін алады және Клиент үшін ақшаны КА-ның есеп айырысу шотына аудару қызметін уақтылы көрсетеді.
7. Клиент <https://a-omega.kz/> сайтында төлем жасау кезінде өзі көрсеткен дұрыс емес ақпарат үшін дербес жауапты болады.

8. КА қағидалары мен Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын күмәнді әрекеттер анықталған жағдайда, КА өз сайты арқылы төлемді қабылдамауға және төленген қаражатты Клиенттің есеп айырысу шотына қайтаруға құқылы.

9. Сұрақтар мен талап-шағымдар туындаған жағдайда Клиент Клиенттермен жұмыс жөніндегі қызметке info@alpha-omega.kz электрондық поштасы арқылы жүгіне алады.

Құпиялылық және дербес ақпаратты қорғау

10. Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес КА Клиенттің кез келген ақпаратын, оның ішінде тегін, атын, әкесінің атын, туған күні мен жерін, мекенжайын және Клиентке және Клиентпен байланысты өзге тұлғаларға тікелей немесе жанама қатысты, КА мен Клиент арасындағы шарттық қатынастар қолданылатын кезеңнің кез келген уақытында КА-ға қолжетімді болатын кез келген басқа ақпаратты (бұдан әрі – «Дербес деректер») жинауға, өңдеуге, сақтауға, пайдалануға, беруге (таратуға, қолжетімділік беруге) және жоюға (бұдан әрі мәтін бойынша бірге – «Өңдеу») құқылы.

11. КА Клиенттің Дербес деректерін Өңдеу кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге міндеттенеді. КА Клиенттің Дербес деректерін оларға қатысты заңсыз немесе кездейсоқ әрекеттерден, оның ішінде оларға қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, беруден және таратудан қорғауға бағытталған барлық ықтимал құқықтық, техникалық және ұйымдастырушылық шараларды қабылдауға міндеттенеді.

12. КА және онымен үлестес заңды тұлғалар Офертада көрсетілген мақсаттар үшін қажетті көлемде Клиенттің Дербес деректерін өздерінің үлестес тұлғаларына, контрагенттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Дербес деректерді сұратуға уәкілетті мемлекеттік органдарды қоса алғанда, өзге де үшінші тұлғаларға беруге құқылы.

13. Клиенттің Дербес деректерін Өңдеу тек Офертаның мақсаттары, Клиенттің төлем жасауы, шешімдер қабылдау немесе Клиентпен ынтымақтастық мәселелеріне қатысты өзге әрекеттерді жасау үшін жүзеге асырылады.

14. Клиенттің Офертада көрсетілген мақсаттар үшін өзінің Дербес деректерін Өңдеуге жазбаша келісімі Клиент Офертаны қабылдаған сәтте алынған болып есептеледі.

15. Офертаға сәйкес Клиенттің Дербес деректерін Өңдеуге келісімі оны қабылдаған күннен бастап 10 (он) жыл бойы қолданылады.

16. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, кез келген уақытта КА мен Банкке олардың заңды мекенжайлары бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы өзінің Дербес деректерін Өңдеуге берген келісімін кері қайтарып алуға құқылы. КА мен Банк мұндай кері қайтарып алуды алған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Клиенттің Дербес деректерін Өңдеуді тоқтатуға және оларды жоюға міндетті. Клиенттің сұрауы бойынша КА мен Банк Дербес деректердің жойылғаны туралы жазбаша растау береді.

17. КА ақпаратты, соның ішінде мына мақсаттарда пайдаланады:

- Клиенттің берешегін өтеу үшін;
- Клиент пен Банк алдындағы өз міндеттемелерін орындау үшін;
- КА сайтының жұмысын бағалау және талдау үшін;

18. КА «cookies» технологиясын пайдалануға құқылы. «Cookies» құпия ақпаратты қамтымайды және үшінші тұлғаларға берілмейді. КА Сайтқа кірушінің IP-мекенжайы туралы ақпарат алады. Бұл ақпарат Клиенттің алаяқтық әрекеттері жағдайларын қоспағанда, Клиенттің жеке басын анықтау үшін пайдаланылмайды.

19. Клиент КА-ға берілетін дербес деректердің дұрыстығы үшін жауапты болады.

Өзге талаптар

20. КА Клиентпен алдын ала келіспей, Шарт талаптарын кез келген уақытта біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы, бұл ретте өзгертілген талаптардың Сайтта жариялануын қамтамасыз етеді. КА қауіпсіз пайдаланудың ықтимал тәуекелдері мен жағдайлары үшін, сондай-ақ желілік шабуылдар немесе Сайтты бұзу (осылармен шектелмей), техникалық себептерден туындаған Сайт жұмысындағы іркілістер үшін жауапты болмайды.

21. Тараптар еңсерілмейтін күш әрекет ететін уақытта Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш деп Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлар түсініледі. Оларға табиғи құбылыстар; ядролық жарылыстың, радиацияның (иондаушы сәулеленудің) немесе ядролық қару материалдарымен, өндірістік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының немесе радиоактивті қалдықтардың радиоактивті ластануының әсері;

соғыстар, әскери басып кірулер, шетелдік жаудың дұшпандық әрекеттері, әскери маневрлер және олармен байланысты әскери сипаттағы іс-шаралар; азаматтық соғыс, қарулы бүлік, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер, билікті күшпен басып алу немесе күшпен ұстап тұру; эпидемиялар, метеорологиялық жағдайлар, террористік әрекеттер, ереуілдер, алып қою, тәркілеу, ұлттандыру және т.б. жатады. Бұл ретте жалпыға белгілі оқиғалар қандай да бір растауды талап етпейді.

22. Осы Оферта бойынша құқықтық қатынастардан туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Туындаған дауларды келіссөздер барысында шешу мүмкін болмаған жағдайда, мұндай даулар міндетті талап қою тәртібін сақтай отырып, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласының сотына қарауға берілуге тиіс.

23. Сайтта жарияланған кескіндер мен мәтіндер авторлық құқықпен қорғалады. Материалдарды кез келген пайдалану КА-ның жазбаша рұқсатымен ғана мүмкін болады.

24. Жария офертаның осы нұсқасы қолданыстағы нұсқа болып табылады және барлық алдыңғы нұсқаларды ауыстырады.

25. Клиент өзінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін КА-ға немесе сотқа жүгінуге құқылы.

Сұрақтар туындаған жағдайда Клиент КА-ға мына мекенжай бойынша жүгіне алады: Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 19/1 үй, 3Б корпус.

КА деректемелері:

- БСН 230240016634
- ЖСК (шот) KZ98601A861016194711
- ТТК 421
- Бек 17
- БСК HSBKKZKX
- Банк «Қазақстан Халық Банкі» АҚ